

Хаттама №2

«Тасарық» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2022 жылдын 20 қазан күнгі жоспарда сәйкес кезекті директор жаңындағы кеңес өтті.

Катысуга тиісті – 37

Катысқаны – 30

Дәлелді себептермен қатыспағаны -7

Күн тәртібінде:

1. 9,11 –сынып оқушыларына берілетін кәсіптік бағдар беру және мамандық таңдау жұмыстары туралы /Г.Қосбанбетова/

2..Мемлекеттік Рәміздердің қолданылуы мен насиҳаттау бойынша жүргізілген жұмыстар /С.Кәрібай/

3.Әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасы оқушыларының ыстық тамақпен қамтылуы /А.Аханов/

4. РВТС халықаралық зерттеуіне дайындық барысы туралы /Б. Аханова, пән мугалім/

5. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. /Кәрібай Самалхан/

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша бағдарлы білім беру ісінің орынбасарының міндетін уақытша атқарушы Г. Қосбанбетова: 2022-2023 оку жылындағы 9,11 сыныптың оқушыларына кәсіптік бағдар бойынша сауалнама алынды.

28.09 күні КР Акпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен Қазақстан студенттерінің Альянсының ұйымдастыруымен «Диплом және дағды. Мамандық таңдауда қалай қателеспеуге болады?» тақырыбында Zoom платформасы арқылы 9-11 сынып оқушыларына жиналыс болды.

“Диплом немесе дағылар” кәсіби бағдар беру мақсатында 9, 11 сынып оқушыларына Zoom платформасы арқылы 14 қазан күні мастер – класс өткізілді.

Оқушылардың өз таңдаулары бойынша таңдау пәндері анықталып, мамандықтарына түсінір жұмыстары жүргізілді. Таңдау пәндері бойынша ата-аналар мен оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, өтініштері алынды.

А.Е.Голомшток әдістемесі бойынша түрлі мамандықтарға қызығушылығын анықтау Мақсаты: Оқушылардың түрлі қызмет аясындағы негізгі қызығушылықтарының бағытын анықтау екнінің айтЫП өтті.

Ұсыныс: 9,11 –сынып оқушыларына берілетін кәсіптік бағдар беру және мамандық таңдау жұмыстары кеңінен насиҳатталса. Яғни аудандық колледждерге апарып мамандық таңдауга бір мәрте зерттеу жүргізсе.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай: Биылғы жылы он жылдан астам уақыт бойы ұмыт қалған Республика күні қайта оралды. Биылдан бастап Қазақстан 25 қазанда ұлттық мерекені тойлайтын болдык.

Үкіметтің №796 қаулысына сәйкес осы жылдың 24 қазаны күнгі жұмыс, яғни сабак кестесі 22 қазанға ауыстырылды.

2022-2023 оку жылында №238 орта мектебінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін насиҳаттау барысында жылдық жоспар құрылышы, жыл бойы түрлі шаралар ұйымдастырылып, өткізіледі. Оку жылының басында сыннып жетекшілеріне Қазақ Республикасы Мемлекеттік Рәміздерін салтанатты шараларды өткізу кезінде қолдану ережесі түсіндірілді. Эр дүйсенбіде КР гимні орындалып тұрады. КР Мемлекеттік рәміздерін арналған интелектуалды сабактар өткізілді. Жоспарға сай әр буындарда рәміздерге байланыс «Қазақстан рәміздері- менің мактандышым», «Қазақстан – Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі», «Рәміздерім - мактандышым» атты тақырыптарда сыннып сағаттары мен тәрбие сағаттары өткізіледі. Мектеп ұйымдастырушысының ұйымдастыруымен «Біз рәмізді мактандытамыз» атты тақырыпта 6-7 сынып оқушылары арасында кеш өткізіледі. Кештің мақсаты: Оқушылардың Отанға, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезімін

қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. АӘД ұйымдастыруымен «Тәуелсіз елдің бакы ұландары» тақырыбында №238 орта мектебінің 9-11 сынып оқушылары арасында мектептің сайystар өткізіліп 11- сынып Іорын, 10 сынып II орын иеленді. Сонымен катар Аяулы Алтын күз» » атты тақырыпта 5,6,7,8 сынып арасында сайыс өткізіліп 6 сынып «Бас жаңиеленсе, I орынды 5 сынып алса,, 7 сынып II иеленді. Мектеп кітапханасында «Елімегемендік белгілері» тақырыбында бұрыш жасалғанын айтты.

Ұсыныс: Мемлекеттік рәміздердің қолданылуы мен насиҳаттау бойынша жұмыстар ұйымдастырылса.

Үшінші мәселе бойынша мектептің әлеуметтік педагогі А.Аханов: өз сөзінде 2022-2023 оку жылында № 238 орта мектепте әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасында 1 – 11 сынып аралығында 45 оқушы ыстық тамақпен қамтылды.

Қоса беріліп отырған Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандагы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиленушілеріне және жетім балаларға, ағаанасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге санаттағы білім алушылар мен тәрбиленушілерге қаржылай және материалдық жағдайлардың көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алынды.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 14 қантардағы № 2 қаулысына № 1 қосымша және Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 25 желтоксандағы № 67 қаулысына № 46 қосымшасын басшылыққа алынды.

Мектеп асханасындағы қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын талаптардың сақталуы бақылауда.«Мектеп асханасында тамақтану ережесі» бекітілді.

2022-2023 оку жылы бойынша мемлекеттік бюджетінен тегін тамақтанатын 45 оқушының – тегін ыстық тамақпен қамтылғандығы жөнінде мәлімдеді.

Жас ерекшелігі.

6 -10 жас – 22 оқушы.

11-14 жас – 21 оқушы

15-17 жас – 2 оқушы

Ұсыныс: Оқушылардың әлеуметтік картасын талапқа сай толық дайындау, ата-аналар тұрақты байланыста болу, көмек қажет еткен оқушының ата-анасынан өтініштер алу ын жетекшілеріне жүктеліп, осы жұмыстарды тұрақты түрде ұйымдастыру мектептің әлеуметтік педагогі А.Ахановқа міндеттелсе.

Төртінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова: 2022-2023 оку жылында PBTS халықаралық зерттеуіне 15 жастағы балалар қатысады біздің мектептен 7 оқушы қатысады. Аудан көлеміндегі 5 мектептің бірі біздік мектеп. 10 сыныптан 6 оқушы, 9 сыныптан 1 оқушы қатысады. Дайындық кестесі жасалып қосымша жұмыстар жүргізіліп жатырғанын айтты. Көбіне логикаға құрылған тапсырмалар 60 минут беріледі.

Ұсыныс: Мектепте PBTS халықаралық зерттеуіне күштейтілген түрде дайындық жұмыстары жүргізілсе.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібай: Өмір қауіпсіздігі негіздері, ережелерінің мақсаты: өмір сүрүдін қауіпсіз және қатерсіз жағдайын құру үшін; жүйенің қызмет көрсету объектісін ескеріп, жаңа техника мен технология үрдестерін қазіргі заманғы экологиялық талаптарға сай жоспарлау; тұрғындар мен өндіріс қызметкерлік, ауылшаруашылық объектісін төтенше жағдай кезінде апаттар және оларды залалсыздандыру кезінде жоспарлау мен сауатты шешім қабылдау үшін қажет. Тәрбиеші топка кіретін әр баланың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие. Ешбір жағдайда балаларды қараусыз калдырмауга тиесінше. Жаракаттану профилактикасына назар аудара отырып, барлық күн тәртібі сәттерінде бағыттарда әрекетіне бақылау жасайды. Сабак өткізу, ойнау, серуендеу, сауықтыру іс-шаралары барынан жағдайда балалардың өмірін сақтау. Бөбекжай-бакша бөлмелерінде, аумағында және бөбекжай-бакшадан тыс жерлерде іс-шара өткізу кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Бөбекжай –бақшасы аумағынан тыс жерде серуендеу немесе саяхат өткізу жөніндегі нұсқаулықты қатаң сақтау.

Балаларды бөгде адамдарға, кәмелетке толмаған балаларға, ішімдік ішіп келген жағдайдағы адамдарға бермеу.

Егер баланы ата-анасынан бөгде адам алғып кететін болса, ата-анасы немесе сенімді адам қойған сенімхатты рәсімдеу қажет.

Ересек адамдарға жұмыс істеуге қажет барлық өткір және қауіпті заттар (ине, түйрегіш, қашуу және дезинфекциялаушы құралдар) балалардың қолы жетпейтін орында тұруы тиіс.

Сабак өткізу кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау.

Белгіленген нұсқаулыққа сәйкес балаларды техника қауіпсіздігі ережелеріне үйрету.

Жылдың ыстық мезгілінде күн өтуден сақтау үшін балалар жеңіл бас киім киоі қажет;

Кенеттен сырқаттану немесе бақытсыз жағдайда алғашқы көмек көрсете білу қажет;

Топ бөлмесіндегі балалардың жабдығы, портреттер, суреттер, шкафтар, сөрелер қабырғага немесе еденге бекітілуі тиіс;

Балалардың бойымен деңгейлес жерге ілгек, шеге қағуга болмайды;

Еденге және қабырғага бекітілмейтін өсімдіктер бөлмесін е арналған тұғырлардың тұрақтылығын тексеру;

Баспалдақтарда, шкафттардың үстінде, қабылдау бөлмесінде дәретханаларда ғұл отырғызылатын тубектерді қоюға болмайды;

Эвакуациялық шығу жолдарының есіктерін бекітпеу керек. Олар баланың бойынан жоғары деңгейде іштен ашылатын ілмекпен жабылуы тиіс.

Балалардың өмірі мен деңсаулығын коргау жөніндегі нұсқаулықты білу мен қатаң сақтау;

Бала кенеттен ауырған, жаракат алған немесе бақытсыз жағдайда, сынып жетекшісіне медбикеге тез арада хабарлауы керек,

Бөлмені рәсімдеуге ине, түйреуіш, қыстырығыш және басқа да өткір заттарды пайдалану қажет.

Шығып сөйлеушілер:

1. Тарих пәнінің мұғалімі- Бөлебаева: 9,11-сынып оқушыларының ҮБТ-ге дайындығы жүйелі түрде өткізіліп отыр. Оқушылар пән бойынша дайындықтан қалмай, уақытылы келіп жүр. Сондай-ақ оқушыларға кәсіби бағытта түрлі кенестер беріп, хабардар ету жұмыстары да үнемі назарымызда. Ата-аналармен де тұрақты байланыста болып, пікірлесіп тұрамыз. Өсіреле балалардың өмір қауіпсіздігі баста назарымызда. Оларға өмірде кездесетін кездейсоқ, түрлі жағдайлардың алдын алу, мұқият болу қажеттігін үнемі қайталап, естеріне салып отырамыз.

2. Бастауыш пәнінің мұғалімі –Б. Қарібаева: Мамандық таңдауда оқушыларымыздың толқытыны рас. Оларға ата-анасымен бірге психологиялық тұрғыдан да көмектін керек екелі әрқашан сезіліп тұрады. Бастысы жүрегі қалаған мамандығын табандылықпен, дайындықты дұрыс таңдаса дейміз.

3. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі-А. Әлім: Реміздерді қастерлеу-әрбір қазақстандық міндеті. Мерекелік шаралардаған емес, күнделікті өмірде де мемлекеттік атрибут жоғары ұстауды балаларға сәт сайын ескертіп, ұйымдастырып отырамын. Өсіреле балалар жаңы нәзік қой. Әрбіріміз осыған міндеттіміз деп ойлаймын.

Баяндамашылар мен шығып сөйлеушілердің пікірін ескере келіп, директор жаңындағы педагогикалық кенес қаулы етеді.

Директор жаңындағы кеңес қаулы етеді:

1. 9,11 –сынып оқушыларына берілетін кәсіптік бағдар беру және мамандық таңдау жұмыстары кеңінен насиҳатталып, сондай-ақ оқушылармен аудандық колледждерге саяхат ұйымдастырып, таныстыру, мамандық таңдауга жергілікті жерде зерттеу жұмыстарын жүргізу бағдарлы білім беру ісі орынбасарының міндетін уақытша атқарушы Г. Қосбанбетоваға міндеттелсін.
2. Мемлекеттік реміздердің қолданылуы мен насиҳаттау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға жүктелсін.
3. Оқушылардың әлеуметтік картасын талапқа сай толық дайындау, ата-аналармен тұрақты байланыста болу, көмек қажет еткен оқушының ата-анасынан өтініштер алу сынып жетекшілеріне жүктеліп, осы жұмыстарды тұрақты түрде ұйымдастыру мектептің әлеумет педагогі А.Ахановқа міндеттелсін.

4. Мектепте РВТС халықаралық зерттеуіне күшейтілген тұрде дайындық жұмыстарын жүргізу пән мұғалімдеріне міндеттеліп, дайындық жұмыстарын өз мәнінде, талапқа сай ұйымдастыру мектеп директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға жүктелсін.
5. Мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрақты бақылауда ұстау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Кәрібайға міндеттелсін.

Директор жаңындағы кеңестің төрайымы:



Ә.Кеулімжай

Хатшысы:

А.Жарболова